

## **"Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Бұқаралық ақпарат құралдары (ақпараттық саясат) жөнінде Қоғамдық кеңес құру туралы"**

Мемлекет басшысының 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 993 Жарлығына Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы БАҚ жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрағасы Сейітқазы Матаевтың түсініктемесі

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Бұқаралық ақпарат құралдары (ақпараттық саясат) жөніндегі Қоғамдық кеңес Мемлекет басшысының жанындағы сабағаттық-кеңесші орган болып табылады. Кеңестің негізгі міндеттері - БАҚ қызметіне жүйелі кешенді талдау жасау және Президент үшін мемлекеттік ақпараттық саясатты қалыптастыру мен жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды талдап жасау.

БАҚ жөніндегі Қоғамдық кеңес Мемлекет басшысының қарауына БАҚ саласындағы заңнаманы жетілдіру, мемлекеттік билік органдары мен БАҚ-тың өзара тиімді ықпалдастығын қамтамасыз ету, сондай-ақ елдің ақпараттық қауіпсіздігі жөніндегі ұсыныстарды енгізе алады.

Мемлекеттік және басқа органдармен, ұйымдармен өзара қатынас кезінде БАҚ пен оның қызметкерлерінің мүдделері мен заңды құқықтарын қорғаудың, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметінде жоғары этикалық және кәсіби принциптерді дамытуға жәрдемдесудің, ақпараттық даулар мен басқа да таласты ахуалдарды шешуге қатысудың мәні аз болмаса керек.

БАҚ қызметіне, бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнаманы сақтауға, оны жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды талдап жасауға, мемлекеттік билік органдары мен БАҚ-тың өзара тиімді ықпалдастығын қамтамасыз етуге қатысты Мемлекет басшысына және тікелей Кеңеске жолданған өтінімдерді қарау Кеңестің құзырына ж а т а д ы .

Кеңес мемлекеттік органдардан ақпарат, құжаттар мен материалдар сұратып алдыруға, өзінің мәжілістерінде бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша БАҚ-тың лауазымды адамдарын, өкілдерін тыңдауға ө к і л е т т і .

Кеңестің, сондай-ақ БАҚ қызметіне қатысты мемлекеттік органдардың шешімдеріне баға беруге, БАҚ қызметінің мәселелері бойынша мемлекеттік органдарға ұйымдық-әдістемелік, ақпараттық және басқадай көмек көрсетуге, БАҚ қызметінің түрлі жәйттері бойынша жұмыс комиссияларын құруға, олардың жұмысына ғылыми-зерттеу, үкіметтік емес және басқа мекемелер мен ұйымдардың өкілдерін т а р т у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Кеңестің мәжілісінде қабылданып, Мемлекет басшысының назарына жеткізілетін

ұсыныстар мен қорытындылар Кеңестің шешімі болып табылады. Кеңес қоғамдық негізде жұмыс істейді. Оның мәжілістері қажеттігіне қарай, алайда кемінде үш айда бір рет шақырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК